

Мұғалжар аудандық әкімдігінің 2013 жылғы 20 желтоқсандағы № 541 "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Мұғалжар аудандық әкімдігінің 2014 жылғы 1 тамыздағы № 245 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 4 қыркүйекте № 4025 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Мұғалжар аудандық әкімдігінің 2015 жылғы 09 қарашадағы № 421 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Мұғалжар аудандық әкімдігінің 09.11.2015 № 421 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 31 мамырдағы № 598 "Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 29 желтоқсандағы № 1400 қаулысына толықтыру енгізу туралы" қаулысына сәйкес, Мұғалжар ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мұғалжар аудандық әкімдігінің 2013 жылғы 20 желтоқсандағы № 541 "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3730 санымен тіркелген, аудандық "Мұғалжар" газетінің 2014 жылғы 16 қаңтардағы № 2 жарияланған) қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін: жоғарыда көрсетілген қаулының 1, 2 қосымшалары осы қаулының 1, 2 қосымшаларына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

С.Шаңғұтов

Мұғалжар ауданы әкімдігінің
2014 жылғы 1 тамыздағы
№ 245 қаулысына
№ 1 қосымша

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы

№	Аудан атауы	Мемлекеттік білім беру тапсырысы есебінен мектепке дейінгі ұйымдарда орналастырылатын балалар (саны)		
1	Мұғалжар ауданы	5	9	5
	Барлығы	5	9	5

Мұғалжар ауданы әкімдігінің
2014 жылғы 1 тамыздағы
№ 245 қаулысына
№ 2 қосымша

Айына жан басына шаққандағы қаржыландыру көлемі

Бір тәрбиеленушіге жұмсалатын шығыстардың орташа құны (теңге)	Мектепке дейінгі ұйымдар					
	Балабақшалар(бөбекжайлар, орталықтар)					
	Сұйық отынмен жылытылатын жылу жүйесі		Қатты отынмен жылытылатын жылу жүйесі		Электрқуатымен, көгілдір отынмен және орталықтандырылған жылу жүйесімен жылытылатын	
	Қалалық жерлерде	Ауылдық жерлерде	Қалалық жерлерде	Ауылдық жерлерде	Қалалық жерлерде	Ауылдық жерлерде
			30800	23885	29420	
	Экологиялық апат аумақтарында тұрғаны үшін 1,2 коэффициентін есепке алғанда					
	34166		33951	29620	30662	